

КЕЛІСІЛДІ
ШҚО білім басқармасы
басшысының орынбасары
_____ **А.Байжанова**
«_____» _____ **2018 ж.**

БЕКІТЕМІН
«Шығыс Қазақстан
гуманитарлық
колледжі» КМҚК директоры
_____ **Ф.Курманов**
«_____» _____ **2018 ж.**

«Бітібаева оқулары»
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1 **«Бітібаева оқулары»** республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы (ары қарай – конференция) 2018 жылдың 23 ақпанында Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінде өткізіледі.

1.2 Конференция техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының білім алушылары мен мектеп жасындағы оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде құнды тәжірибелерді анықтау, жинақтау және тарату бойынша жұмыс түрін жандандыруға шақырады.

1.3 Конференцияның жұмыс тілдері – қазақ, орыс және ағылшын тілдері

2. Конференция міндеттері

2.1 Білім беру қызметкерлерінің нәтижелі, тиімді педагогикалық тәжірибелерін анықтау және тарату.

2.2 Білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға, олардың шығармашылық әлеуетінің дамуына, жаңашылдыққа, зерттеушілік және жобалық әрекетке бағытталған ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар жасауға ықпал ету.

2.3 Педагог қызметкерлердің өздігінен кәсіби білім алу үрдістерін ынталандыру.

3. Конференцияны ұйымдастыру және өткізу тәртібі

3.1 Конференция ұйымдастырушылары Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы, Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі болып табылады.

3.2 Конференция ұйымдастырушысы ұйымдастыру комитетін құрады, оның қызметінің ретін анықтайды.

3.3 Ұйымдастыру комитеті конференцияның мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға ықпал жасайды, конференцияны өткізу бойынша барлық ұйымдастыру жұмысын жүзеге асырады.

4. Конференция қатысушылары

4.1 Конференция қатысушылары:

- техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының оқытушылары;
- білім беру мекемелерінің мұғалімдері.

4.2 Конференция қатысушылары ұйымдастыру комитетіне:

- конференцияға қатысу сұранымын (қосымша 1);
- жарияланатын мақаласын;
- төлем туралы түбіртек көшірмесін ұсынады.

4.3 Конференция қатысушылары:

- сырттай қатысу үшін мақала ұсынуға;
- баяндамасымен секциялық отырыста сөз сөйлеуге құқылы.

5. Конференцияға қатысу

5.1 Конференцияға қатысу үшін **2018 жылдың 12 ақпанына дейін** колледждің **nmr_vkgk@mail.ru** электрондық мекен-жайына «Ғылыми-тәжірибелік конференцияға» белгісімен сұраным (қосымша 1) және баяндама мәтінін жіберу қажет.

5.2 Конференция жұмысы күндізгі (өзінің ғылыми-әдістемелік және зерттеушілік әрекетінің нәтижелері бойынша қатысушылардың жұрт алдында сөз сөйлеуі, жинақта мақаласын жариялау) және сырттай (конференция материалдарының жинағында мақаланы жариялау) нысанын ұсынады.

5.3 Бір мақала авторы ретінде екі адамнан артық бола алмайды.

5.4 Өз жұмысын ұсыну үшін қатысушыға 5-7 минут уақыт беріледі. Қатысушыларда өзімен бірге баяндамасының 1 (бір) данасы болуы қажет.

5.5 Конференцияға келесі бағыттағы жұмыстар қабылданады:

- Қ. Бітібаеваның педагогикалық идеялары мен тәжірибесі;
- Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында инновациялық тәжірибенің білім берудегі тиімділігі;
- Көптілділік – білім берудің жаңа сатысы;
- Рухани жаңғыру – мемлекет тірегі, халықтың жігері.

6. Конференцияға ұсынылатын материалдардың мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптар

6.1 Баяндама мәтіні Microsoft Word бағдарламасында А 4 (21x29,7 см) форматында басылу қажет, шрифт - Times New Roman, кегль – 14 (кесте ішіндегі жазбалар 10 шрифт) жоларалық интервал- 1,0, азат жол – 0,7 см. Жиектері– 20 мм. Мәтін көлемі – 4-5 беттен артық емес.

6.2 Беттің жоғары оң жағында қою қаріпті (полужирный) бас әріптермен баяндаманың тақырыбы жазылады, оның астында бір интервал аралықта жартылай майлы курсивпен автордың, қосалқы автордың тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері, лауазымы, жұмыс орны, одан әрі бір интервалдан кейін – мақала мәтіні жазылады.

6.3 Мәтінде пайдаланылған әдебиеттер тізімі мақала соңында көрсетіледі, төртбұрыш жақшада пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер жазылады, мысалы: [5].

6.4 Ұйымдастыру комитеті талапқа сәйкес келмейтін мақалаларды конференция жинағына енгізбеу құқығын өзіне қалдырады.

Конференция материалдары енгізілген жинақ данасын алу үшін 3 500 (үш мың бес жүз) теңге көлемінде «Еуразиялық банк» АҚ бөлімшелері арқылы «ғылыми-тәжірибелік конференция» таңбасымен жарна төлеп, колледждің электрондық мекен-жайына төлем туралы сканерленген түбіртектің данасын жіберу қажет.

Төлем жасау үшін реквизиттер:

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің ШҚО білім басқармасының «Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі» КМҚК

Қазақстан Республикасы, ШҚО

Өскемен қаласы, Амур көшесі, 1

БИН 990340005570

ИИК KZ3994809KZT22030737

БИК EURKZKA

«Еуразиялық банк» АҚ

Директордың

ҒӘЖ жөніндегі орынбасары

Р.Жақашев

«_____» _____ **2018 ж.**

Ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысу үшін**СҰРАНЫМ**

Т.А.Ж.	
Жұмыс орны	
Лауазымы	
Ғылыми дәрежесі	
Байланыс телефондары	
Электрондық адрес	
Бағыты (секция)	
Баяндама тақырыбы	
Қатысу нысаны	
Техникалық құрал қажетілігі	

БЕКІТЕМІН
«Шығыс Қазақстан
гуманитарлық
колледжі» КМҚК директоры
_____ Ф.Курманов
«_____» _____ 2018ж.

23.02.2018 жылы өткізілетін
«Бітібаева оқулары»
республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын
өткізудің іс-шара жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Орындалу мерзімі	Жауапты	Орындалуы туралы белгі
1	Ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізудің ережесін, іс-шара жоспарын бекіту	03.01.2018	Жакашев Р.М. Бекшойнова А.Е.	
2	Республика, облыс өңірлеріне конференция ережесін тарату	03.01.2018	Жакашев Р.М. Бекшойнова А.Е.	
3	Конференцияға келіп түскен сұраным мен материалдарды жинақтау, қатысушылар тізімін құру	08.01.18	Бекшойынова А.Е. Информатика ПТК	
4	Келіп түскен материалдарды өңдеу	15.01.2018	Жакашев Р.М. «Қазақ тілі мен әдебиеті»; «Тілдер» ПТК	
5	Конференцияны өткізу бағдарламасын құру (ашылуы, секция жұмысы)	01.02.2018	Жакашев Р.М. Джуманазарова Ж.С.	
6	Конференция қатысушыларына таратпа материалдарды дайындау (папка)	15.02.2018	Бекшойынова А.Е.	

7	Конференция қатысушыларын қарсы алу, тіркеу	22.02.18	Ахметкалиева Г.М.	
8	Конференция қатысушыларын марапаттау материалдарын дайындау	22.05.2018	Жакашев Р.М. Бекшойнова А.Е. Информатика ПТК	
9	Қ.Бітібаеваның атаулы кабинетін жабдықтау жұмыстары	15.02.2018	Есмуратова К.Г. «Қазақ тілі мен әдебиеті» ПТК	
10	Қ.Бітібаеваның атаулы кабинетін ашу салтанатының әзірлемесі	20.02.2018	Бекшойынова А.Е. «Қазақ тілі мен әдебиеті» ПТК	
11	Бұқаралық-ақпараттық құралдарға пресс – релиз жазу	15.02.2018	Калиева Г.Е.	
12	Облыстық дарынды балаларға арналған Жамбыл гимназия-интернатындағы Қ.Бітібаева мұражайы мен зертханасына саяхатты ұйымдастыру	20.02.2018	Есмуратова К.Г. «Қазақ тілі мен әдебиеті» ПТК	

Слямбекоа

**Директордың
ҒӘЖ жөніндегі орынбасары**

Р.Жакашев
«_____» _____ **2018ж.**

Сагымбаева